

**2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үлкіметінің 2006 жылғы 27 маусымдағы N 587 Қауысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

|                                                         |  |
|---------------------------------------------------------|--|
| <b>2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық</b> |  |
| <b>кеңістік құру туралы келісімге қатысушы</b>          |  |
| <b>мемлекеттердің сыртқы экономикалық қызметінің</b>    |  |
| <b>бірыңғай тауар номенклатурасы туралы</b>             |  |
| <b>келісім</b>                                          |  |

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері, бұдан әрі - Тараптар, теңдік және өзара пайда негізінде Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберіндегі көп жақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға өздерінің адалдықтарын растай отырып, сыртқы экономикалық қызметті реттейтін нормативтік және құқықтық кесімдерді біріздендіруге, кедендік рәсімдерді, алымдарды және статистикалық деректерді салыстыруды оңайлатуға ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

1. Сыртқы экономикалық қызметтің тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын жүзеге асыру, статистикалық есеп жүргізу мен статистикалық ақпарат алмасуды

жетілдіру үшін Тараптар Біртұтас экономикалық кеңістіктің Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (бұдан әрі - БЭК СЭҚ ТН) ретінде Дүниежүзілік кеден ұйымының тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне (бұдан әрі - ҰЖ) негізделген он таңбалы тауар номенклатурасын қабылдайды.

2. БЭК СЭҚ ТН ҰЖ-ның төртінші басылымының негізінде қалыптасады (2007 жылғы Ұ Ж ) .

3. Осы Келісімде Тараптарға өздерінің сыртқы экономикалық қызметінің ұлттық тауар номенклатурасында тауарларды он таңбалы сандық кодтан асатын неғұрлым терең жіктеу үшін кіші бөлімдер жасауға ешқандай тыйым салынбайды.

#### **2-бап**

1. Біртұтас экономикалық кеңістіктің комиссиясы БЭК СЭҚ ТН жүргізуді оған жалпы кедендік тарифті қалыптастыру жөніндегі өкілеттілік берілгеннен кейін жүзеге асырады .

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген орган құрылғанға және ол жалпы кедендік тарифті қалыптастыру жөніндегі функцияларды жүзеге асырғанға дейінгі кезеңде БЭК СЭҚ ТН жүргізуді Ресей Федерациясының орталық кеден органы жүзеге асырады.

3. БЭК СЭҚ ТН-ды Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті құзыретті органдарының басшылары бекітеді және ерте дегенде 2007 жылғы 1 қаңтарда күшіне енеді.

#### **3-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша Осы Келісімге хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

#### **4-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптардың арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Тараптардың кез келгені Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберіндегі Дауларды шешу жөніндегі органға дауды шешуге бере алады.

#### **5-бап**

Кез келген мемлекет осы Келісімге қатысушы бола алады. Осы Келісімге қосылудың шарттары осы Келісімге қатысушы мемлекеттер мен қосылатын мемлекет арасында жасалған халықаралық шартта айқындалады.

#### **6-бап**

Осы Келісімге ескертпелер жасауға жол берілмейді.

#### **7-бап**

Осы Келісімнің күшіне ену және одан шығу тәртібі Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне ену және

олардан шығу тәртібі туралы хаттамада белгіленеді.

200 жылғы \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Депозитарийде сақталады. Депозитарийдің функцияларын Біртұтас экономикалық кеңістіктің комиссиясына бергенге дейін Қазақстан Республикасы осы Келісімнің Депозитарийі болып табылады.

Депозитарий осы Келісімге қол қойған Тараптардың әрқайсысына оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Беларусь Республикасының*  
*Үкіметі үшін*

*Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының*  
*Үкіметі үшін*

*Кабинеті үшін*

*Ресей Федерациясының*

*Украина Министрлер*